

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ТҮТҚЫНДАР МӘСЕЛЕСІ

М.М. ТАЛҒАТБЕК,

*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ,
тарих факультетінің 3-курс студенті,
Алматы қ., Қазақстан*

Миллиондаған адамның өмірін жалмаған, әрі мерейін үстем еткен соғыс халық санасынан ұмытылған жоқ. «Ер басына күн туып, етігімен қан кешкен, ат басына күн туып, ауыздықпен су ішкен» ауыр сын кезеңде, біздің ондаған мың жерлестеріміз, кешегі ортақ Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін, жер бетінде бейбіт өмір орнауы жолында кеуделерін оққа тосты. Соғыс жылдары Қазақстанда 14 атқыштар, 6 атты әскер дивизиясы және 7 атқыштар бригадасы жасақталды. Олардың бәрі де қысқа мерзімді жаттығудан кейін кезек-кезек майданға аттандырылып жатты. Жалпы, қазақстандық жауынгерлер шайқаспаған бірде-бір майдан болмаған шығар.

Адамзат тарихына көз жіберсек, тіршілік үшін күрес болғандығы анық куәлар табылады. Әр заманның соғысу себебі де, мақсат-мүддесі де, тіпті соғысу әдіс-тәсілдері де сол қоғамның даму деңгейлеріне қарай түрліше болды. «Заманалар өзгереді, заманалармен бірге адамдар да өзгереді» деген ежелгі Эллада даналығы [1]. Жұмыр жердің тарихында адамзат талай қоғамды, талай «қылышынан қан тамған» кезеңдерді өз қолдарымен жасап, табиғат жаратылысына қарсы келіп, талай адам тағдырын ессіздің қолындағы жансыз ойыншықтай жан-түршігерлік күйге енгізді емес пе?

Ұлы Отан соғысының да бізге беймәлім қыры мен сыры көп, дегенменде, сол соғыстың нағыз куәгерлерінің қатары азайған сайын, уақыт толассыз өткен сайын, ол да қат-қабат тарих болып қалыңдана береді. Әрине, бұл дүрбелеңдегі фашис шапқыншыларының озбырлығын тілмен жеткізу қиын. Кенес жауынгерлерінің жанқиярлық ерлігі ғана, дү-

ниені жалмаған «аждаһаны» тоқтатты. Әсіресе, Мәскеу түбіндегі шайқас шешуші сын болғаны сөзсіз. Жауға қарсы бұл тойтарыста генерал Панфилов дивизиясының атқарған рөлін бүкіл әлем мойындап, жоғары бағалады. Ленинград қаласының тұрғындары да 900 күндік қоршауда болып ажалмен арпалысқанда да қазақ жауынгерлері ерлік көрсетуден кенде қалмады. Тізе берсек шегі жоқ ерліктер мен өлім құшқан тағдырлар... Мектеп оқулықтарына оның бәрін тізіп көрсету мүмкін емес. Төрт жылға созылған соғыс даласында шейіт болған әрбір адамның тағдыры өз алдына бір тарих, бір ерлік.

1940 жылы жасалған «Барбаросса» жоспарына сай, Германия қысқа мерзім ішінде, Архангельск – Еділ – Астрахань шебіне шығуды көздеді. Бұл қауырт соғыс – блицкригтің негізгі мақсаты еді. «Барбаросса» жоспарын жасағанда КСРО-ны «көптеген ұлттардың жасанды әрі әлсіз бірлестігі», «ішкі бірліктен айырылған этникалық конгломерат (қоспа)» ретінде қарастырылды. Фашистер басып алынған кеңестік аумақта, Остланд рейхскомиссариаттарын – герман провинцияларын құруды жоспарлады. Германияның Қазақстанға қатысты жоспары айқын еді. КСРО-ны жеңгеннен кейін фашистер Орталық Азия мен Оңтүстік Қазақстанда бірыңғай герман аумағын құруды көздеді... [2]. 1941 жылдың соңында түрік-монғол халықтарын жою жоспарланған болатын. Немістердің жоғарғы барлау мектебі болашақ отарлаушы елдердің карталарының жобасын дайындап, 1942 жылдың басында «Еділ-Жайық» және «Үлкен Түркістан» мемлекеттік құрылымдарын құруды жоспарлады. Үлкен Түркістан отарының құрамына Қазақстан, Орта Азия, Татарстан, Башқұртстан, Әзірбайжан, Солтүстік Кавказ, Қырым, Синьцзянь, Ауғанстанның солтүстік бөлігі енгізілді. Қуыршақ мемлекеттерді құру арқылы гитлершілер экономикалық және саяси мақсаттарды: ұлы герман империясы үшін қуатты шикізат және қосымша азық-түлік базасына ие болуды, кеңестер елін отарға, оның халқын құлдарға айналдыруды көздеді. Сондай-ақ Қазақстанның орталық, солтүстік және оңтүстік-шығыс аудандары – Қарағанды, Новосібір және Кузнецк «индустриялық облыстарының» құрамына кіруге тиіс болды. Бұл жерлер-

ге фашистік Германияға қызмет ету үшін украиндар, белорустар мен поляктарды, венгрлер мен Шығыс Еуропаның басқа да халықтарын қоныстандыру жоспарланды. Кейінірек қауырт соғыс жоспарларының күйреуіне байланысты фашистер өз жоспарын қайта қарап, КСРО-ның орыс емес халықтарына өзін-өзі басқаруға уәде беруіне тура келді. Сөйтіп, фашистер бұл халықтарды Мәскеуге қарсы күресте пайдаланбақшы болды [3].

1941 жылы Үшінші рейхтың шығыс министрі Альфред Розенберг Түркістан мұсылмандарын Кеңес өкіметінен азат ету комитетін құруды ұсынды. Бұл идея Герман армиясының басшыларының жоспарларына сай келіп, бірден қолдау табады да, 1941 жылы күзде төрт ротадан тұратын «Түркістан полкі» құрылады. Фашистер оған жетекші ретінде мұсылмандарға дінімен де, ділімен де жақын қазақ Мұстафа Шоқай мен өзбек Вали Каюм ханды тағайындайды. 1942 жылы осындай барлығы 24 батальон жасақталады. Бұдан бөлек, 1944 жылы «Жаңа Түркістан» СС дивизиясы және «Шығыс мұсылман» СС полкі құрылды. Түркістан легионы бірінші рет 1942 жылы Астрахань бағытындағы соғысқа жіберілді. Көпшілігі Паулюстің армиясында болды. Гитлершілердің ойынша, олар ары қарай Қазақстанға көктей өтуі көзделген еді. Түркістан легионында «Біртұтас Түркістан» журналы, «Ұлт әдебиеті», «Жаңа Түркістан» газеттері шығып тұрды. Ұлы Отан соғысы жылдарында фашистердің арнайы барлау қызметтерінің Орталық Азия елдеріне парашют арқылы агенттер мен терроршылар тастағаны және олардың тылда жасаған ойрандары туралы кеңестік тарих жұмған аузын ашпай келді. Фашистердің «Цеппелин» атты диверсиялық барлау органының 1942–1944 жылдары Қазақстанға да әуеден тек қазақтардан құралған бірнеше агенттік топтар түсіргенінен хабарсыз болып келдік. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мұрағат деректеріне сүйенсек, Қызыл Армияның бұрынғы аға лейтенанты, 35 жастағы қазақ Әлихан Ағаев бастаған 18 жау десантының парашютпен Солтүстік Қазақстанға түсірілген құпиясын білген республиканың мемлекеттік қауіпсіздік органы қызметкерлері тарапынан жерімізге

ішкірлей енген жау десанттарын қырағылықпен анду басталынды. 1944 жылғы мамыр айының 19-нан 20-сына қараған түні Ағаев басқарған бандылар Ақшелек деген жерде ұсталып, қалтасынан өз қолымен жазған 263 түркістан легионерінің тізімі табылған. Соғыс аяқталған соң түркістандық легионерлерді Сталиннің бұйрығымен 25 жылдық лагерьдегі айдау күтіп тұрды. Олардың кейбіреулерін американдық және ағылшын барлауы өз қызметтеріне алып қалса, біразы Түркия сияқты шетелдерге бас сауғалап кетті. Соғыстан соң Алматыда 600 легионерге сот болды. Кейіннен КГБ қызметкері Серік Шәкібаевтың «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты кітабы жарық көрді. 1987 жылы Әнуар Әлімжанов Г.Колбиннің алдында Түркістан легионының негізін салушы М.Шоқайды ақтау мәселесін көтерді. Бірақ сол кездегі Қазақстанның Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Г.Колбин тарапынан қолдау көрсетілмеді [4]. «Түркістан легионы» туралы тың деректі соғыс жылдарында Германияда болған, зейнеткер, соғыс ардагері Ғайпен Бейісовтың мақаласынан көруге болады. «...Екінші дүниежүзілік соғыста Германияның 3 рейхы соғыста тұтқынға түскен соғыс тұтқындарынан «Түркістан легионын» құрады. Ерікті деп жариялап, еріксіз легионға алды. Әуелі тұтқынға түскен тұтқындарды аяусыз қырып, азайтып алды. Істемегендері жоқ. Тез өле қоймағасын сүзек ауруын жұқтырды. Тұтқындарды адамгершілік бейнесінен, сана-сезімінен айырды. Соғысты тез арада «жеңеміз» деп бастаса да, жеңе алмайтындарына көздері жеткен соң, тыңнан жаңа күш іздеді. Сондағы тапқандары Легион болды. Осындай жағдайда Парижде тыныш жатқан Мұстафа Шоқайды алдырды. Оған тұтқында қырылып жатқан кеңес тұтқындарын көрсетті...». Осылай Мұстафа Шоқайды өз мақсаттарына жету үшін, оны кеңестік тұтқындарға көмек беруші, жақтаушысы, Легион басшысы ретінде көрсетіп, тұтқындарды өз сөздеріне мүлтіксіз сенуге мәжбүр етті. «...Тұтқындардың келісімін сұраған емес. Әлі дұрысталып болмаған тұтқындарды адамдық кондицияға жақындағасын Легион лагеріне әкелді. Тұтқындардың алдында екі таңдау тұрды. Бірі – легион киімін кию, тірі қалу. Екіншісі – өлу. Басы

айналған тұтқындар әуелгі кезде Легионова мен легионды да айыра алмады...» [5]. Міне, осылай құрылған легион тұтқындарынан өз Отандары бас тартуына тура келді, оған себеп Сталиннің №271 бұйрықпен «бәрі де сатқындар» атағы тағылған үкім болатын. Легион құрылғаннан кейін, оның құрамы үшке бөлінген. Легион Варшавадан 19 шақырым жерде орналасқан Легионова селосында орман арасында, ағаш барактар салынып, айналасы сым жебелермен қоршалып, әскери қалашық болып бой көтерді. Қысқа мерзім ішінде Легионовада Түркістанның 1, 2, 3-батальондары құрылды, батальон командирлері таза неміс персоналдар құрамынан болды. Түркістанның 162-жаяу әскер атқыштар дивизиясы Полтава жерінде, шығыс мұсылман «СС» дивизиясы Чехославакия Миава жерінде құрылды. Барлаушылар, диверсанттар құрамы Лукенвальдыда, Симферопольде, Востроу, Ромененкода, Топпель, т.б. қалаларда жаңбырдан кейін шығатын саңырауқұлақтардай самсап өсе бастады. Осы құрылған әскери құрамалар 3-рейхқа қандай пайда келтірді? деген сұрақтар өз жауабын күтеді. 1-Түркістан батальон командирі қазақ Уәлихан Құрамысовтың батальоны 1800 легионерімен Майков бағытында кеңеске қарсы соғысқа салынды. Нәтижесінде, батальон бір оқ атпастан Қызыл армия жағына берілді. 2-Түркістан батальон командирі қазақ Амиров Беларусь партизандарына қарсы соғысқа салынды. Нәтижесінде, Амиров батальонымен партизандар жағына шығып кетті. 3-Түркістанның батальон командирі Исин Алимжан – қазақ. Француз альфасында, француздар «сопротивлениясына» қарсы соғысуға салынды. Исин батальонымен соғыспастан, «сопротивленияға» қосылды. Сол сияқты Сеуіл Мұратов, Төлеу Мұрзабеков, Залин Мирзамир, Дауыл Қосымбаев (шын аты Дәулеш), Темірхан Жангелдиндер отандарына оралды. Чехославакия жерінде таудағы словак партизандарына соғысқа салуға әзірлік жасап жатқан шығыс мұсылман «СС» дивизиясының Түркістан полкінің командирі Ғазизжан Азимов, (Алимов) бір түн қараңғысын пайдаланып, полкімен словак партизандарына өз еріктерімен қосылды. Бұл тек менің білетіндерім, ал білмейтіндерім, ұмытқандарым қанша [5].

Одақтастар соғыс тұтқындарын отандарында оларды не күтіп тұрғанын ескертіп, сол елдерде қалып, бейбіт өмір сүруді ұсынғанына қарамастан, елге оралып 10–25 жылдан ГУЛАГ-қа да айдалды. Осы ГУЛАГ-та тұтқында болған адамдардың басым көпшілігі жазықсыз жандар екендігіне дәлел ретінде Ішкі істер Органдарының мұрағатында жасырын сақталған СтепЛАГ-та болған атақты Кеңгір көтерілісі басшыларының бірі, Капитон Иванович Кузнецовтың баласына жазған хатындағы мына бір жолдарға назар аударайық: «Сендерге бізді қоғамға, мемлекетке аса қауіпті жау деп көрсетеді. Оған сенбеңдер. Шынында біз кімбіз? Біздің арамызда отырғандар: профессорлар, инженерлер мен техниктер, мұғалімдер, дәрігерлер, агрономдар, генералдар мен офицерлер, солдаттар, нашар тұрмысы немесе құдайға сенгені үшін жазықты болған қарапайым жұмысшылар мен колхозшылар, әйелдер, жасөспірім жігіттер мен олардың қалыңдықтары, ең сұмдығы – шахталар мен карьерлерде, далада, қамауда үнсіз көз жұмып, бұл дүниеден кетіп жатқан қарттар, мүгедектер мен балалы әйелдер. Айналаның бәрінде тұтқындардың қаны сорғалауда», – деп жазады. Оның баласына «сенің әкең кінәлі болғаны үшін отырған жоқ, жазықсыз отырғаны үшін кінәлі» деген сөзі осы жағдайға алып келген зұлым саясаттың ащы шындығын анық көрсеткендей болады [6].

Ұлы Отан соғысының соңына қарай, тұтқындардың саны 40 мыңнан асқан. Соғыстан қайтқан тұтқындарды Отанға деген ұлы сезім шет елде қалдырмай, кіндік қаны тамған топыраққа жетеледі. Олардың қатарында болу кезкелген жауынгердің тағдырына да жазуы мүмкін еді. Ұлы Отан соғысы кезіндегі қатаң сталиндік жүйенің құрбаны болған тек қазақтың ғана емес, түркі ұлтының өзге боздақтарының да адал атын ұлықтау – өскелең ұрпақтың міндеті. Мұстафа Шоқайдың тұлғалық бейнесі – өз алдына бір бөлек тарих.

Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің тарихында қайта зерделенді қажет ететін өзекті тақырыптар қатарында осы тұтқындар мәселесі болу керек. Әсіресе Түркістан легионының қазақ және өзге түркі мемлекеттерінің тарихындағы алар орнын анықтау қажет. Бәріне уақыт өзі

таразы болары сөзсіз, десе де, «тарихты білмей өткенді, қазірді білу, келешекті болжау қиын» деген ұлылардың сөзін ұмытпағанымыз жөн.

Сол Ұлы Отан соғысындағы әлі де болса жабулы күйінде жатқан құпиялар жетерлік. Оларды көзімен көрген куәгерлер саны азайып бара жатқанын ескеріп, келешек ұрпаққа олардан қалған ұлы істердің ақ пен қарасын ажыратып, кейінгі ұрпақ санасына дұрыс таразылау – бүгінгі тарихшылардың міндетінде. Олай болса, өз еліміздің тарихын оқытуда олқылықтарға жол бермей, өзгелердің беделін биіктете отырып, өз ұлтымыздың намысын шыңдай түсейік.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Әбіш Р. Жаппай қырғынға жазықты кімдер. 2000.
2. Қожахметұлы К., Шүпеков Ә., Ғұбайдуллина М., Бекіш Р. Қазіргі дүниежүзі тарихы. Алматы: «Мектеп» баспасы. 2006.
3. Тәшенов Т. «Алаш» батальоны // Айқын. 31 тамыз, 2005 жыл.
4. Бейісов Ғ. «Түркістан легионы». «Атамекен», 2000 жыл.
5. Садықов Т. «Халықтар түрмесі» // Егемен Қазақстан. 27 мамыр, 2009 жыл.
6. Төлеуханқызы А. «Ұрпақтарымыз ұмытпайды» // Егемен Қазақстан. 8 мамыр, 2010 жыл.